

Литература

1. Кудайбергенов Н.С. Наследуемость в гибридных популяциях кукурузы //Вестник с.-х. науки Казахстана. –Алматы: Бастау, 2010. –№4. –С.7.
2. Сотченко В.С., Горбачева А.Г. Производство кукурузы и особенности ее семеноводства в России //Земледелие. –М., 2011. -№2. –С.3.
3. Лиманская З.Б. Некоторые итоги испытания гибридов кукурузы Казахской селекции в условиях Западно-Казахстанской области //Реформа сельского хозяйства - состояние и перспективы развития полеводства: Матер. межд. науч.-практ. конф. -Уральск, 1998. –С.86.

Тастанбекова Г.Р., Раисов Б.О., Мурзабаев Б.А.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДА ЖҮГЕРІНІ ӨНІМДІЛІК БОЙЫНША ЭКОЛОГИЯЛЫҚ СЫНАҚТАН ӨТКІЗУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Мақалада жүгерінің будандарына және сұрыптарына жүргізілген көпжылдық зерттеулердің нәтижесі келтірілген. Оңтүстік Қазақстанның өзгеше топырақ-климаттық жағдайларына қалыптасқан аса өнімді сұрыптар анықталған.

Кілт сөздер: жүгері, бұдан, сұрып, сұрыпты экологиялық сынақтан өткізу, өнімділік.

Tastanbekova G.R., Raisalov B.O., Murzabaev B.A.

THE RESULTS OF ENVIRONMENTAL TRIALS FOR CORN PRODUCTIVITY IN SOUTHERN KAZAKHSTAN CONDITIONS

In the article are shown the ecological variety experiment trials of corn for productiveness in South Kazakhstan conditions. Established that the most productivity hybrids and varieties was preferable to specific soil climatic conditions of Southern Kazakhstan.

Key words: maze, hybrid, variety, ecological, productiveness.

ӘОЖ 332.33

¹Төрехан С.С., ²Тапишева Г.Б.

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті
Батыс Қазақстан инженерлік гуманитарлық университеті*

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЖЕР РЕСУРСТАРЫНЫҢ САРАПТАМАСЫ

Андатпа

Жер – қоғамның баға жетпес байлығы. Ол адам тіршілік қызметінің негізгі ресурсы, халық шаруашылығының барлық салаларының дамуы мен орналасуының базасы, ауылшаруашылық өндірісінің басты құралы және азық өндірудің негізгі көзі болып табылады.

Кілт сөздер: жер ресурстары, мелиорация, ауылшаруашылық танаптар, егістік, шабындық, жайылым.

Батыс Қазақстан облысы Қазақстан Республикасының батыс бөлігінде орналасқан және алты облыспен шектесіп жатыр: оңтүстік - батысында - Ресей Федерациясының Астрахань облысымен, батысында Волгоград, Саратов, солтүстігінде - Орынбор облыстарымен, шығысында - Ақтөбе, оңтүстігінде - Атырау облыстарымен, Саратов пен Орынбор облыстарының түйіскен жерінде Ресейдің Самара облысының аумағымен шектеседі.

Облыстың аумағы - 151,3 мың км², солтүстіктен оңтүстікке дейін 425 км, шығыстан батысқа қарай 585 км жерге созылып жатыр.

Негізгі көлік жолдары – Саратов – Орал-Ақтөбе темір жол желісі, олардың салалық таралуы – Орбық-Волгоград, автокөлік жолдары – Орал-Атырау – Самара-Орал-Ақтөбе, Орал-Саратов.

Шекарасының ұзындығы 2423 км, оның ішінде Ресей Федерациясының төрт облысымен: Астрахан облысы - 79 км, Волгоград облысы - 208 км, Саратов губерниясы - 685 км, Оренбург облысы - 560 км, Ақтөбе облысымен - 235 км және Атырау облысымен - 656 км.

Қазіргі уақытта облыстың әкімшілік-аумақтық құрылымына 12 әкімшілік аудан, 155 ауылдық (селолық) округ, 4 поселкалар, 1 облыстық маңызы бар қала (Орал) және 1 аудандық маңыздағы қала (Ақсай) және 456 ауылдық елді-мекен кіреді.

Облыстың әкімшілік аудандары аумақтарының мөлшері бойынша айырмашылықтары көп. Облыс аудандары ішінде территориясы көлемі жағына ең үлкені Ақжайық ауданы - 2524,9 мың га, ең кішісі Шыңғырлау ауданы - 723,0 мың га және Бөрлі ауданы - 556,6 мың га. Ағымдағы жылда облыстың әкімшілік құрылымында өзгерістер болған жоқ. Ұзақ мерзімге жалға беру шарттарына сай, Атырау облысының жер пайдаланушыларына – 101,9 мың га, Ресей Федерациясына әскери полигон үшін 1465,1 мың га жер пайдалануға берілген.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің жалпы ауданы 12785,2 мың га немесе барлық ауылшаруашылығы алқаптарының жалпы ауданының (93,5%) пайызы.

Егістік ауданы 787,9 мың га құрайды. Облыстың барлық аудандарында дерлік егістік алқаптарының ауданы егістікке жарамды жерлер есебінен ұлғаю тенденциясы байқалауда. Көпжылдық екпелер ауданы – 2,7 мың га. [3]. Ауылшаруашылық мақсаттағы жерлер құрамында 282,7 мың га шабындық немесе 25,4%. Қалған бөлігі 728,8 мың га немесе 75,8 % босалқы жерлер. Облыс аумағында жайылым танаптары басым, олардың ауданы 10186,9 мың га немесе ауылшаруашылық танаптардың 79,2 %. Жайылымдардың жалпы ауданынан суландырылған жайылым ауданы 75733 мың га немесе 74,3 % құрайды.

БҚО ЖЕР ҚОРЫ ҚҰРАМЫ



Батыс Қазақстан облысының жалпы жер қоры және оның жер санаттары бойынша бөлінуі.

Өнеркәсіп, көлік, байланыс және басқа да а/ш емес жерлер ауданы 38,8 мың га, су қоры жерлері - 75,5 мың га, орман қоры жерлері - 215,0 мың га, ерекше қорғалатын жерлер - 12,4 мың га құрайды.

Кесте – Батыс Қазақстан облысы әкімшілік аудандары бойынша жер категорияларының бөліну

Аудандар атауы	Жер көлемі, га	Жер категориялары							Барлығы
		Ауылшаруашылық мақсаттағы жерлер	Елді-мекен жерлері	Өнеркәсіп, көлік, байланыс және басқа да а/ш емес жерлер	Ерекше қорғалатын жерлер	Орман қоры жерлер	Су қоры жерлері	Босалқы жерлер	
Ақжайық	2524875	625989	883924	3795	0	70287	22500	918380	2524875
Бөкейорда*	1921445	267233	142686	2073		16405		548 069	1921445
Берлі*	556634	264189	82520	6230		13318	941	188142	555340
Жаңақала *	2076073	466452	140034	1063		213	5053	943166	1555981
Жәнібек	821323	292480	86536	1264			1511	439532	821323
Зеленов*	747111	504904	98090	7374	3	34508	6462	92066	743407
Казталов	1860581	349868	220384	2814			10462	1277053	1860581
Каратөбе	997492	180371	193354	888		3839		619040	997492
Сырым	1188843	553274	140017	1483		5103	37	488929	1188843

Тасқала	806805	246197	134777	2453			978	422400	806805
Теректі*	843487	431690	90235	3791	21	41068	27277	247462	841544
Шыңғырлау	722989	151344	123000	1542		18767	320	428016	722989
Орал қаласы*	71170	50023	10784	1957	160	6781		3428	73133

Бөкейорда ауданы бойынша 944 979 га, Бөрлі ауданы бойынша 1294 га, Жаңақала ауданы бойынша 520092 га, Зеленов ауданы бойынша 1215 га, Теректі ауданы бойынша 3237 га жер басқа мемлекет, облыс немесе аудан жер пайдаланушылары пайдаланылатын жерлерге жатады. Ерекше қорғалатын аумақ жерлері категориясына республикалық және халықаралық маңыздағы, мемлекеттік табиғи-қорықтық қорының геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық нысандары жатады. Басқа категориялар жерлерінде есепке алынған табиғат ескерткіштері, заказниктері, орман резерваторлары мен табиғи кешендер мен нысандар жерлерінің ауданы - 448,8 га, емдеу - сауықтыру мақсаттағы жерлер ауданы 200 га.

Орман қоры жерлеріне орман жабыны және орман шаруашылығын жүргізуге арналған жер телімдері жатады. Батыс Қазақстан облысы бойынша орман қоры жерлері 206,2 га немесе 1% дегенмен, бұрын колхоздар мен совхоздар қарамағында болған орман массивтері қараусыз қалуда. Олардың бір бөлігі ауылшаруашылық заңды тұлғаларына берілген, қалған бөлігі ауылдық елді-мекен жерлеріне аумағына кіргенмен заңды тұрғыда қараусыз қалған болып есептеледі. Облыстың орман қоры құрамына орман алқаптары және ағаш-бұта екпелері - 147,1 га немесе 71%. Жоспарланған орман ауданы 2000 га, жеке орман шаруашылығын жүргізуге 4077 га жер бөлінген.

Өзендер мен көлдер орналасқан территориялардан өзге Батыс Қазақстан облысы су қоры жерлеріне Орал-Кушум, Кіші-Өзен, Үлкен Өзен, Жәнібек суармалы-суландыру жүйелері мен Шаған су қоймасы кіреді.

Суармалы - суландыру жүйелері құрамына сегіз су қоймасы, алты гидробайланыс, 848,8 км магистралды, су бөлу каналдары мен 50 ірі гидротехникалық құрылыстар мен 150 ден астам су тазалау құрылғылары орналасқан.

Босалқы жерлер ауданы жаңа қалыптасқан шаруа қожалықтары және елді-мекендерге бөліп беру есебінен - 901,4 мың гектарға азайған.

Сонымен қатар, Батыс Қазақстан облысында шетелдік инвесторларды тартуға жеткілікті босалқы жерлер қоры бар.

Келтірілген мәліметтерді талдай отырып, ауылшаруашылық жер пайдалану тиімділігін арттыру үшін төмендегідей шаралар ұсынамыз:

- топырақ, геоботаникалық, мелиоративтік агрохимиялық және басқа да зерттеу жұмыстарын жүргізуді қайта жандандыру;
- ауылшаруашылық танаптарын ауылшаруашылығында пайдалану жарамдылығына қарай жіктеуді жүргізу;
- мелиоративтік жерлерді қалпына келтіру шараларын ұйымдастыру және жүзеге асыру.

Әдебиеттер

1. Қырықбаев Гендельман. Жерге орналастырудың және кадастрдың ғылыми негіздері – Астана, 2004 – 152 бет.
2. Статистический сборник. Управление статистики ЗКО, г. Уральск, 2012.-160 б.
3. Кабдулова Г.А., Ахмеденов К.М., Географические основы землеустройства Западно-Казахстанской области – Уральск, 2007-206 б.

Торехан С.С., Тапишева Г.Б.

АНАЛИЗ ЗЕМЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Западно - Казахстанская область расположена на западной части Республики Казахстан и граничит с шестью областями: на юго - западе Астрахань областью, на западе Волгоградской, Саратовской, на севере – Оренбургской областями Российской Федерации, на востоке Актыубинской и на юге Атырауской областями РК.

Ключевые слова: земельные ресурсы, мелиорация, сельскохозяйственные угодий, пашня, сенокос, пастбище.

S.S. Turehan, G.B. Tapisheva

ANALYSIS OF LAND RESOURCES OF THE WEST KAZAKHSTAN REGION

The West - the Kazakhstan area is located the western part of the Republic of Kazakhstan and borders on six areas: South-west - Astrakhan, in the west - Volgograd, Saratov, in the north – Orenburg areas Russian Federations, in the east -Aktyubinsk and in the south - Atyrau region of RK.

Key worlds: land resources, agricultural production, private ownership of land, the use of arable land, efficient use of land, farms.

УДК 332.852

О.И. Турлыбеков

Казахский национальный аграрный университет

ОБЕСПЕЧЕНИЕ АВТОМАТИЗИРОВАННОЙ ИНФОРМАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ ГОСУДАРСТВЕННОГО ЗЕМЕЛЬНОГО КАДАСТРА

Аннотация

Обеспечение автоматизированной информационной системы Государственного земельного кадастра.

В данной статье показана информационная база государственного земельного кадастра, выделены основные требования к системе районного уровня государственного земельного кадастра. А так же рассмотрены задачи базы данных государственного земельного кадастра, выявлены основные требования к полноценному формированию и функционированию баз данных. Для решения вопросов ведения государственного земельного кадастра на уровне кадастрового района рассмотрено применение ПК ЕГРЗ. На основе систематизации земельно-кадастровых работ предоставлена структурная схема информационного функционирования АИС ГЗК кадастрового района.

Ключевые слова: земельный кадастр, автоматизированная система, база данных.

Земельные ресурсы Республики Казахстан являются основой национального богатства страны, пространственным базисом, важнейшим геополитическим и стратегическим ресурсом, а также гарантией продовольственной безопасности. Поэтому очень важно создать функциональную, юридически грамотную и эффективную структуру управления земельными ресурсами [1].